

Байғанин аудандық мәслихатының
2016 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 48 «2017-2019 жылдарға арналған
Байғанин аудандық бюджетін бекіту
туралы» шешіміне өзгерістер
енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 9, 109 баптарына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы №48 «2017-2019 жылдарға арналған Байғанин аудандық бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5224 санымен тіркелген, 2017 жылғы 26 қаңтарда аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған, электрондық түрде ҚР НҚА эталондық бақылау банкі, 25.01.2017 ж.) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің атауында, бүкіл мәтіні бойынша «Байғанин ауданының бюджетін», «Байғанин ауданының бюджеті» сөздері «Байғанин аудандық бюджетін», «Байғанин аудандық бюджеті» сөздерімен ауыстырылсын;

1) 1 тармақта:

1) тармақшасында

кірістер, оның ішінде:

салықтық түсімдер – «3 701 304» сандары «3 703 351» сандарымен ауыстырылсын;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - «3 480» сандары «1 433» сандарымен ауыстырылсын;

7 тармақта:

«40 520» сандары «6 502,8» сандарымен ауыстырылсын;

1 – қосымшаның атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«2017 жылға арналған Байғанин аудандық бюджеті»;

2 – қосымшаның атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын: «2018 жылға арналған Байғанин аудандық бюджеті»;

3 – қосымшаның атауы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«2019 жылға арналған Байғанин аудандық бюджеті».

2. Көрсетілген шешімнің 1, 5, 6 қосымшалары осы шешімдегі 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес редакцияда мазмұндалсын.

3. Осы шешім 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.